



**1 мамыр – тұтас ел ынтымақтастығының және Отан үшін ортақ жауапкершіліктің символына айналды. Бірлік мерекесі еліміздің басты жетістігі мен стратегиялық артықшылығының белгісі десек, артық емес.**

Қазіргі таңда бір шаңырақтың астына 130-дан аса ұлыс өкілін сыйдырып отырған Қазақстанның этносаралық саясаты әлемге үлгі болып отыр. Әлем елдері мұны жоғары бағалайды. Шет мемлекеттердің өкілдері Қазақстанға ҚХА тәжірибесін зерттеу үшін келеді. Ассамблея мүшелерін ҚХА тәжірибесімен бөлісу үшін шетелдерге шақырады. Бұл – Ассамблеяның бір ғана жетістігі. Ассамблея этномәдени бірлестіктермен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бүгінде елдің барлық өңірінде өкілдік бар. Олардың құрамына зерттеулер жүргізетін Ғылыми-сарапшылық кеңес, отбасы институтын нығайтатын Аналар кеңесі, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қоғамы, студенттермен, жастармен белсенді жұмыс жүргізетін «Жарасым» жастар ұйымы, ҚХА Қоғамдық келісім кеңестері, дауды сотқа

дейін шешу мәселелерімен айналысатын медиа-кеңестері, Достық үйлері кіреді. Достық үйінің жанында тіл үйренуге мүмкіндік беретін тегін

бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз егемендігімізді жоғалтып ала жаздадық. Халқымыз қантар қасіретінен сабақ ала

кемсітуге, олардың ары мен намысын талтауға болмайды, – деді президент Қ.К.Тоқаев. Сондай-ақ президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының елдегі саяси реформаларды жүзеге асырудың рөлін күшейту қажет екенін айтып, оның Мәжілістегі квотасын Сенатқа ауыстыру туралы ұсынысын бірлiдiрен болатын. «Бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Аталған квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын», – деді Президент. Яғни, Ассамблея жұмысына қатысты тың өзгерістер мен жаңа жобалар, заңдардың барлығы ел болашағы мен ұлттаралық татулыққа тікелей әсер етеді. Мемлекет басшысының ұсынысына сай өзге ұлт өкілдерінің құқығы мен таңдау еркіндігі қазақстандықтармен теңестіріліп отыр.



мектептер жұмыс істеуде, коворкинг орталықтар да құрылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ассамблея сессиясын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізу ігі дәстүрге айналғанын және мұның зор символдық мәні бар екенін атап өтті.

– Бірлік, татулық және бейбітшілік – мығызғас құндылық. Оның айрықша маңызы екенін қантар оқиғасы кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіппен

білу керек. «Бірлігіміз – аралуандықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Осы ретте саяси және қоғамдық плюрализмнің радикалды сипат алуына жол берілмейді. Әсіресе, азаматтарды

Аделина МӘДЕЛІХАНҚЫЗЫ



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ҚИЫҢА СОҚПАДЫ

Дархан даласындай көңілі кең қазақ елі көптеген өзге ұлыс өкілдерін бауырына басып келеді. Біршаңырақастыңда бірлік пен татулықты ту еткен олардың ынтымағы өзгелерге үлгі боларлық. Оның үстіне соңғы жылдары өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық артуда. Олар тіл меңгеру арқылы халқымыздың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, өдет-ғұрпымен жақын танысып келеді. Сол сияқты олардың күнделікті өмірі мен қызметіне қазақ тілінің көп көмегі тиіп жүр. Бүгінгі нөмірде Никита Мясцов пен оның жары Лидия Мясцова жайлы тарқатсақ.



тілді жетік меңгеруіме септігін тигізді деуіме болады. Қазақ тілінде өнді еркін айта аламын. Оған дәлел патриоттық әндерді айтып жүргенім. Өзім «Ансар» ЖШС «Lab-service» компаниясында фармацевт болып жұмыс істеймін, – дейді Никита.



– Туысқандарым, көршілерімнің арқасында қазақша сөйлеуді үйрендім. Кең салт-дәстүрге қабық болдым. Бүгінде отбасымызда қазақ тілін қолданып келеміз. Түсібегенімізді достарымыздан білдік. Осылайша тілге деген қызығушылық оянып отыр. Бүгінде отбасым үшін қазақ тілі күнделікті қолданыста. Ауылда тұрғандықтан қазақтың жөн-жоралғысына үйреніп кету қиына соқпайды екен. Ауылда көптеген той өтеді. Соны қызықтап, басы-қасында жүреміз. «Қыз уауату», «Беташардағы» салтты үйреніп алдық. Бала көзден қазақша өлеңдерге деген қызығушылығым жоғары. Бұл да менің

Отан шаңырақтан басталады. Шаңырақ шаттығын ойлаған жан отбасындағы жарын, баласын сүйеді. Мұның арғы жағынан Отан деген үлкен ұғым шығады. Осы үлкен шаңырақтың ұяғын мерейлі отбасылар ұстап тұр.

«Келіншегім 2001 жылы дүниеге келген. Алғаш рет сол жағалаудағы «Жастар ресурстық орталығында» таныстық. Ол «Қазанғап» атындағы музыкалық колледжде білім алған. Бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста. Анама гүл көшеттерін отырғызу жұмыстарына көмектеседі. Жұмысымда ешқандай қиындық жоқ. Маған өз саламда жұмыс істеген ұнайды. Келушілердің сұрағанын беріп, қойған сұрақтарына жауап беремін. Кім келсе де жылы қабақ танытып, қол ұшын беруге дайынмын», – дейді кейіпкеріміз. Жаһандану заманында көп тіл білудің өзектілігі артып келеді. Сондықтан ана тілімізді ұмытпай, керісінше оның қолдану аясын кеңейту кейінгі ұрпаққа міндет.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА



Вера Владимировнаның айтуынша, ол «кипа» аталады. Бұл – дәстүрлі еврей бас киімі. Еврей дәстүріндегі кипа қарапайымдылықты білдіреді және шляпаның астына киіледі. Бұл дәстүр бас киімдер ғибадаттың міндетті атрибуты болған кезеңдерде қалыптасқан. Көптеген басқа этностар секілді еврейлер үшін де ақ тұс қасиетті. Бұдан бөлек, аптаның басы еврейлер үшін жексенбіде басталады. Жұмада ізгі іске үлес қосып, қайырымдылық жасау маңызды. Сенбіде мерекелік дастархан жайылады, демалыс күнді өзіңізге арнау арқылы жаңа аптаға жаңа қаржымен қадам басасыз. Ал Жаңа жыл еврейлер үшін қыркүйекте басталады. – «Рош-а-Шана» еврей дәстүрі бойынша қыркүйекте атап өтіледі. Ол екі күн тойланады. Егін жинауға, демалуға және бір жыл ішіндегі істерге есеп беріп, қорытынды шығаруға таптырмас уақыт. Оған қоса тағам жасауда тыйымдар бар. Ол «кошерный» деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, жеке дайындалатын арнайы тағамдар. Ет тағамдарын дайындаудың әдісі бар. Бұдан бөлек, еврейлер атақты жазушылардың көп болуы олардың жас кезінде ойлау қабілетін дамытатын ертегілер мен мифтерді көп естіп өсуіне байланысты деп есептейді. Сондықтан ұйықтар алдында балаға көбірек ертегі айтуға, осылайша оның білімді болып өсуіне ықпал етуге тырысамыз. «Қарыз беруден бас тартпа!» Бұл – басты қағида, – дейді Вера Иванова.

Шынында, дүниежүзінің тарихын өзгертуге атсалысқан төрт адамда ортақ бір нәрсе бар. Атақты Альберт Эйнштейн, Карл Маркс, адам санасын зерттеу арқылы психологияның жаңа теориясын жасаған Зигмунд Фрейд және физиканың атасы Исаак Ньютонның ұлты – еврей. Олар қазіргі ғылымның, психологияның және әлеуметтанудың негізін қалады және еврейлердің жетістігі тек осы адамдармен шектелген жоқ. Нобель сыйлығы иегерлерінің 30 проценті де еврейлер екен. Мәліметтерге сүйенсек, қазір еврейлер әлем халқының 0,025 процентін құрайды. Елімізде олардың жалпы саны жеті мыңнан қырық бес мыңға дейін жетті. Қазақстан территориясына 1867 жылдан бастап қоныстана бастаған еврей ұлты бүгінде бір

## ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІК – ҰНТЫМАҚТЫҢ АРҚАСЫ

Ер ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, қолөнерінен, аспаптанан, тілті ұлттық киімінен байқаймыз. Мәселен, білгір өлеңді еврей ұлттың өкілі өздері тән бас киімімен тағуға болады. Ұлттық ерекшеліктер бірлестігінің жетекшісі Вера Ивановамен пікірлесудің сәтті түсті.

шаңырақ астында тату тірлік тұтас. «Lev am» облыстық еврей этномәдени бірлестігінің құрылғанына да 15 жылдан асқан. Бірлестіктің негізін қалаушы – Людмила Ли. Бұл – он бес жыл аз уақыт емес. Бұл уақыт аралығында еліміздің тұтас жаңа буыны қалыптасты. Осы орайда айта кету керек, қызы-кыстау заманда қазақ халқы қаншама ұлт пен ұлысқа пана бола білді. Бәрімізге бірдей теңдік берді. Ұлт пен ұлысқа белгіледі. Қазақстан – ортақ үйіміз. Біз осындай дархан көңілді қазақ халқымен жасасып келе жатқанымызға мақтанамыз. Жеткен жетістіктеріміз – ел болып жұмылған ынтымағымыздың арқасы, – дейді бірлестік жетекшісі. Бүгінде еврей этномәдени бірлестігінің мүшелері қоғамдық өмірге белсенді. Ағаш отырғызу акцияларынан, спорттық шаралардан қалыс қалмайды. Қайырымдылық істерде де үлесі айтарлықтай және алдағы уақытта да олар осы қарқыннан таймақ емес.

А.СНАДИН

Жалғасы. Басы 1-бетте

**Пірімхаммед СЫЗДЫҚОВ, Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры:**

**«ҚЫЗЫЛОРДАДА 850-ДЕН АСТАМ АУЫЛ АЗАМАТЫ МЕН ЖАСТАР 2,5 ПРОЦЕНТПЕН НЕСИЕ АЛА АЛАДЫ»**

Биыл өңірде 250-ден астам жас пен 600-ден астам ауыл азаматы 2,5 процентпен жеңілдетілген несие алады деп жоспарлануда. Бұл мақсатта аймаққа республикалық бюджеттен 4,3 млрд теңге бөлінді. Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірімхаммед Сыздықов мұндай қолдау аймақ тұрғындарының кәсіппен айналысуға қызығушылығын арттырады деп санайды.

— Мемлекет басшысы VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында ел дамуына үлес қосатын кәсіпкерлердің «жана толқынын» қалыптастыру қажет екенін айтты. Биылдың өзінде жастар мен ауыл азаматтарына 2,5 пайызбен несие беру үшін облысқа 4,3 млрд теңге бөлінді. Бұл — үлкен қолдау. Кәсіп бастаймын деген азаматтар үшін жақсы мүмкіндік, — дейді Пірімхаммед Сыздықов.

Өңірде қолға алынған түрлі деңгейдегі мемлекеттік бағдарламалар қарқын алған. Өрбісі өз жемісін беріп, нәтижелі еңбектің көрінісі айқын аңғарылады. Палата басшысы мемлекеттік қолдаудың қара орман жалықтың қолтығынан дөмеп жатқанын, оның алда да тиімді тетіктері қарастырылатынын қадап айтты.

— «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Мен — кәсіпкер» жобасын жүзеге асырып жатыр. Биыл осы жоба аясында 600-ге жуық қызылордалыққа қызмет көрсетуді көздеп отырмыз. Атап айтқанда, кеңес береміз, оқытамыз, жобасын нақты өнім шығарғанға дейін сүйемелдейміз, — деді ол.

Бүгінде палата кәсіпкерлерді қолдауға, қорғауға бағытталған түрлі бағдарламалармен қарқынды жұмыс істеп келеді. Кәсіпкерлердің арқа сүйер ортасына айналған ұйым басшысы

**«ТАЛПЫҒАН ЖЕТЕР МҰРАТҚА»**

Президент пәрменінен кейін шағын және орта бизнесті қолдауға арналған кешенді шаралар қарқын ала түсетінін атам өтті.

— Халық қазір кәсіппен айналысуға жан-жақты қолдау бар екенін жақсы түсінді. Рас, кейде өкімшілік кедегерлер кездесіп жатады. Ондай жағдайда кәсіпкерді қорғауға, көмек көрсетуге біз әзірміз, — деді Кәсіпкерлер палатасының басшысы.

Кәсіп ашып, оның жұмысын жүргізу — оңай іс емес. Бастысы, талап пен ынта, ниет болса, алмынас қамал, бағынбас биік болмайды. Бұл — бүгінгінің нақты көрінісі.

**ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ҚАРҚЫНДЫ**



Халық арасында 2,5 пайыздық несие аталып кеткен жастарға арналған жеңілдетілген несиеге құжат қабылдау қарқынды жүргізілуде. Қазір көпшілікті ойлаңдырған сан сауалдың қатарында бағдарлама бойынша несие кімге, қалай, қандай тәртіппен беріледі деген сұрақтар көш басында. Осы мақсатта Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасындағы Қаржылай емес қолдау бөлімінің бастығы Әсел Алушаева аталған сауалдарға жан-жақты жауап берді.

**Гәйдүллкақызы, жауапты мемлекеттік органдар кәсіппен айналысқысы келетін жастарға арналған жеңілдетілген несиеге құжат қабылдау наурыз айында басталады деген болатын. Жұмыс басталды ма? Бұл несие кімдер ала алады?**

— Жеңілдетілген несие 2,5 процентпен жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау мақсатында беріледі. Облыста бұл бағдарлама бойынша өтінім қабылдау басталды. Құжаттарды «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жинақтап жатыр. Жеңілдетілген несие 21-35 жас аралығындағы барлық азамат ала алады. Шектеу қойылмаған. Студент те, жұмыс істейтін, жұмыссыз жастардың да мемлекеттік бағдарламаға қатысуға мүмкіндігі бар. Ол үшін кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелу керек. Бұған дейін кәсіпкер болып тіркелгендердің мерзімі 5 жылдан аспауы қажет. Несие мал шаруашылығы үшін 7 жылға, өзге бағыттарға 5 жылға беріледі. Несие сомасы 5 млн теңгеге дейін.

**Әсел Гәйдүллкақызы, жас кәсіпкер несие алу үшін жүріп өтетін барлық жолды көзек-көзегімен айтпн бере аласыз ба?**

— Өрине. Бірінші жас кәсіпкер сенім білдірілген өкілге, яғни «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалына құжаттар өткізеді. Оған қандай құжаттар керек деген заңды сұрақ туындайтыны анық. Несие алуға үміткердің жеке куәлігі, несие тарихы, бизнес-жоспары, кепіл мүлкі, кепілге қойылатын мүлкінің, сондай-ақ кепіл берушінің құжаттары, кепілге қойылған мүлкі бағалау есебі, екінші деңгейлі банктегі арнайы есеп-шоты керек. Ең басты талаптардың бірі — несие тарихы. Мемлекеттік бағдарламаға қатысушының соңғы 2 жылдағы несие тарихы мұқият тексеріледі. Кешіктірілген несие төлемдерінің мерзімі 180 күннен аспауы тиіс. Несие алуға үміткер осы құжаттарды жинақтап,

өткізгеннен кейін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы олардың толықтығын тексереді. Егер толық болмаса кері қайтарады, дұрыс болса 15 жұмыс күнінің ішінде ұсынылған бизнес-жоспарды тексеріп, бағалайды. Одан кейін аталған ұйым ары қарай құжаттарды шағын несие беру бойынша бизнес-жобаларды қауау жөніндегі конкурстық комиссияға ұсынады. Облыстық конкурстық комиссия бизнес-жоспарды қарап, шешім қабылдайды. Жобаны қаржыландыруға шешім қабылдана тараптар келісімшартқа қол қойып, жас кәсіпкердің есеп-шотына қаржы аударылады.

**Әсел ханым, бизнес жоспар әзірлеуге көмектесе аласыздар ма? Несие алғаннан кейін бірден төлем бастала ма? Ол ісін жаңа бастаған азаматтар үшін ауыр емес пе?**

— Кәсіппен айналысуға ниетті кез келген азаматқа біз — Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы қаржылай емес қолдау көрсетуге әзірміз. Оған не кіреді? Біріншіден, жоғарыда айтқан түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Ары қарай бизнес-жобасын әзірлеп береміз. Одан кейін түрлі бұғатталық, салықтық есептерін тапсыруға көмек көрсетіп, құқықтық құжаттарының жобасын тексеріп, әзірлейміз. Бұл қызметтердің барлығы ақысыз жүргізіледі. Ауыл азаматтарына бұл қызметті Кәсіпкерлер палатасының аудандардағы филиалы көрсетеді. Кәсіп бастаған кез келген жас, кез келген азаматқа біз қай уақытта да көмек көрсетуге дайынбыз. Ал несие алғаннан кейінгі төлемге келетін болсақ, кәсіпкер берілген мерзімнің үштен бір уақытына каникул кезеңін алуына болады. Каникул кезеңін негізгі қарызға да, сонымен бірге үстіндегі пайыздық өсіміне де алуға болады.

**Кепілге қойылатын мүлікке қандай талап қойылады? Көбіне азаматтар жылжымайтын мүлікпен айтпн жатады...**

— Кепілге жылжымайтын да, жылжытын да мүлік қоюға болады. Жылжытын мүлік дегенде арнайы техникаларды ғана кепілге ала алады. Жеке автокөліктерді жылжытын мүлік ретінде кепілге қоя алмайды. Ал жылжымайтын мүлікке қатысты Қызылорда қаласындағы мүлік бойынша бастапқы құнның 80 проценті, аудан орталықтарындағы ғимараттардың 70 проценті, ауылдағы кепілді 60 проценті есептеледі.

**Быылға Қызылорда облысына бөлінген қаржы көлемі белгілі ме? Қанша жасты қамтуға мүмкіндік бар?**

— Жоба 2025 жылға дейін жүзеге асырылады. Биыл біздің облысымызға 1,3 млрд теңге бөлінді. Оған 250-ден астам жастың жобасы қаржыландырылады деп жоспарлануы отыр. Келесі жылға — 1 млрд 342 млн теңге, 2025 жылға 1,4 млрд теңге қаралған. Жалпы кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес алысы келген азаматтар Кәсіпкерлер палатасына 8 /7242/ 40-09-81 байланыс нөмірі арқылы хабарласа алады. — **Сұқбатыңызға рақмет!**

— Кәсіппен айналысқысы келетін азаматтардың басым бөлігі соңғы кезде өңір бірінші «грантты қалай ақсам болады? Ол үшін не істеу керек?» деп сұрайтын болды. Бірінші халық арасында «1 млн 400 мың теңгенің гранты» аталып кеткен қайтарымсыз қаржы туралы айтып беріңізші. Кімдер ала алады? Қандай талап қойылады? Биыл Қызылорда қаласы мен аудандарда қанша адамды қамту кезделіп отыр?

Мемлекеттік бағдарламалар арасында қайтарымсыз гранттар жеткілікті. Бұл ретте қаралайым халық арасында ол гранттарды кімдер және қалай алады деп жүргендер көп. Бұл ретте Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Салтанат Шониковаға бірнеше сауал жолдаған едік.



**«ІЗДЕНГЕНГЕ МҮМКІНДІК КӨП»**

— Кәсіпкерлер палатасынан кеңес алған азаматтар жобаны қаржыландыруда бірінші грант талаптарын сұрайды. Бірінші 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қайтарымсыз қаржының талаптарын айтайын. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өткен жылғы 7 ақпандағы бұйрығына сәйкес 400 айлық есептік көрсеткіш аясындағы гранттар жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі. Атап айтқанда атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар, көпбалалы отбасы мүшелері, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, мүгеделілік бар жұмыссыз жарамды және мүмкіндігі шектеулі баланы асыраушылар қатыса алады. Ол үшін қатысушы да мерзімі 3 жылдан аспайтын «Бастау бизнес» оқуының сертификаты болуы міндетті. «Бастау бизнес» оқуына жазылу үшін business.enbek.kz порталында тіркелуі керек. Одан бөлек, порталдағы бизнес-жоба үлгісін жүктеп алып, толтырып, қайта порталға жүктеу қажет. Биыл Қызылорда облысына 1528 азаматқа грант беру жоспарланған. Оның ішінде Қызылорда қаласына 380 грант, әр ауданға 150 гранттан қарастырылған. Грант жыл аяғына дейін 4 лекпен өткізіледі.

**Халық арасында «Инновациялық жобаларға арналған грант» деп аталатын грант түрі де бар. Жобамен қай кезде өтеді? Бұл жобаның операторы кім, сұрақ туындаса қайда хабарласуға болады?**

— Жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік грант немесе өзіңіз айтқандай, инновациялық гранттың конкурсы осы жылдың екінші жартыжылдығында өткізіледі деп жоспарлануда. Бұл жобаға жеке кәсіпкер ретінде тіркеу мерзімі 3 жылдан аспайтын кәсіпкерлер ғана қатысушы болады. Конкурсқа қатысушының 5 млн теңгеге дейін қайтарымсыз қаржы ала алады. Грантқа қатысу үшін мына құжаттар болуы керек: кәсіпкердің қызметкерлерінің орташа саны туралы анықтама, «Бастау бизнес» жобасын оқығаны жөнінде сертификаты, кәсіпкердің ағымдағы шотында (20 пайыз) қаражаттың

болуы туралы банктік шоттан үнді көшірме, жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама. Жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған гранттың конкурстық операторы — Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы. Ізденген адамға мүмкіндік көп.

**Кәсіпке арналған 3 млн теңгеге дейін, сондай-ақ 10 млн теңгеге дейінгі қайтарымсыз қаржы бар деп естідік. Осы жобаларға тоқталып өтіңізші. Талабы, кімдер, қалай ала алады?**

— Сіз айтп тұрған 3 млн теңгеге дейінгі қайтарымсыз қаржы арналған конкурста 14 пен 29 жас аралығындағы кез келген азамат қатыса алады. Кәсіпкер болсын деген талабы жоқ. Оны Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырады. Конкурс «Тәуелсіздік ұрпақтары» деп аталады. Грант берудің мақсаты белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау. Ол ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес, медиа бағыттар бойынша жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыруға беріледі. Толық ақпаратты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сайтынан алуға болады. Ал Сіз айтп отырған 10 млн теңгеге дейінгі грант «Бәсекеге қабілеттілік» инвестициялық гранты деп аталады. Ол кәсіпкерлікті дамытуға арналған Ұлттық жоба аясында, құрал-жабдық сатып алу мақсатында беріледі. Қаржы жаңа өнім әзірлегені немесе бар өнімді жетілдіргені, нарыққа шығарғаны үшін беріледі. Бұл жобаға тіркелген мерзімі бір жылдан асқан кәсіпкерлер қатыса алады.

**Жалпы осы айтп жатқан барлық гранттар бойынша Палатаның үлесі қандай болмақ?**

— Біз кәсіпкерлік мақсаттағы мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде қызығушылық танытқан азаматтардың барлығына кеңес береміз. Одан өзге кәсіпкерлердің жобаларына бизнес-жоспар әзірлейміз. Салықтық, бұғатталық қаржы өзе де есептерін тапсырып береміз. Заң және мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша кеңес береміз және жобаларды сүйемелдеу қызметін көрсетеміз. Бұл қызметтердің барлығы ағымдағы шотында (20 пайыз) қаражаттың

**Өңірімізге рақмет!**





- Күні бойы оттың басында кү терімен алысып отыр, сөйтіп. Тарғыл мысық арсадағы өттен тұқ қоймапты. Не тошала үйдің жұртық-тесігін бітемейсің, не мысықтың көзін жоғалтпайсың, - деп сырттан қомылдап сөйлей кірген Күләй пештің түбінде өрім еріп отырған Күйеуі Қайсаға алая қарады. Қайса үндеген жоқ.

Қайқы бас төсектік алдындағы бөстекте теріс қарап бүрісіп жатқан Қарашаш апа басын көтерді.

- Тарғыл мысықты көрші ауылға апарып тастадым дегені қайда Қайсаның? - деп ұлына қарап мырс етті.

- Иә, шеше, өткенде көрші ауылға апарып тастағам. 30 шақырым жерден қалай тез келген?! Дорбаға салып апардым, жолды да көрген жоқ, үйді қалай тауып келді екен, - деп Қайса таң қалды.

- Ой, тәйір-ай, жылқы мен мысық қайшылық жерден ашылып келді. Оның қасында мына тұрған Қаракөмер сөз бе?! - деп бір тынып алды да, - Жа, ол мысыққа тимендер, арсадағы етті қапқа сал да, биік жерге салақтатып асып қой, - деді.

Бұлардың айтып отырған тарғыл мысығы 2-3 жылдан бері осы үйдегілермен бірге жасап келеді. Өте қыран, үйге тышқан жолатпайды, дегенмен беті ашық қалған тамаққа аузын тығып, арсадағы өттен ет қоймайды. Кейде тіпті Қайсаның тіліп қойған таспаларына дейін шайнап тастайды. Қайса талай ұрды, бірақ тарғыл мысық сол әдетін қойған жоқ. Өткенде атып тастайын деп бір оқталып еді, шешесі Қарашаш «мысықтың қарғысы қатты болады» деп атқызбай қойды. Содан бар тапқан амалы алыс жерге апарып қаңғыртып жіберу болды.

- Жүре берсін, енді тимендер мысыққа, астарының бетін жауып жүріндер, - деді Қарашаш апа пештің мойнында тұрған жез құманды алып жатып, манағы сөзін тағы қайталап. Сосын құманын көтеріп есікке беттеді. Қиуы қашқан ағаш есік шыық етіп ашылғанда аңдып тұрған тарғыл мысық сып етіп үйге кірді. Бүйірі шығып, тойып алыпты...

Жазда саяхатшылардың аяғы үзілмейтін Көктерек құс қайтқан қазан айынан бастап, базары тарқаған өмірдей самарқау күйге көшеді. Жаз болса киіз үйін тіліп, желі құрып, бие байлап абыр-сабыр боп жататын ауыл адамдары күзде шөп-шалаңын тырнашап жиып алады да, қыс бойы қолындағы малына қарап, тырп етпей жатады.

Қайсаның қысы-жазы айналысатын жалғыз жұмысы - өрімшілік. Күзден бастап сойылған ірі қараның терісін жинап алып, таспа тіліп, өрім ереді. Сол төңіректегі танымал өрімші. Қамшы, жүген, ноқта, айыл, жырым сынды ат әбзелдерінің түр-түрін ереді. Өмілдірік, құйысқан өргізетіндер да бар. Ауылдағы шағын мұражай «бізге бір саба керек боп тұр» деген соң, алпыс екі таспадан саба өріп берген. Қазір сол өрме саба көрген жанның таңдайын қақтыратын таңдаулы бұйымға

айналды. Ауыл әкімі қайсаның осы еңбегін ескеріп, ауданға, облысқа шақылап жүріп, «қазақ өрімшілік өнерінің мұрагері» деген ат бергізді, ай-сайын беретін тиын-тебені де бар. Тиын-тебенін қойшы, Қайса да отқа қарап отырған жоқ, қоралы қойы, үйірілі жылқысы болмаса да, өзіне жетерлік дәулеті бар. Бір қамшы өрсе, бір тоқты беріп алып кететіндер аз емес. Осыдан бір ай бұрын осы ауылдың байы Бейсен келіп, бір ердің айыл-тұрманын тапсырған. Ұзататын қызына ат мінгізбек. «Қалайда тойға дейін үлгертсең» деп қайта-қайта айтқан соң, Қайса сол күннен бастап Бейсеннің тапсырмасын орындауға кіріскен.

Ертен той. Қолындағы жырымды бітірсе бәрі дайын. «Жақсыға тарту, жаманға сату» бол-сын

деп, қос-өрме жүген мен ноқта-сын қоса ерді. Өмілдірігін көз сәндеді. «Мынаны көргенде Бейсекең қалайда бір қарасын ал дейтін анық қой», - деп іштей есер те соғып жатты. Аласы сыртқа шығып кеткен соң Күләй Қайсаға бұрылып, «тарғыл мысық еңбегінді еш қылыпты. Кеше өріп бітірген өмілдіріктің шаағын тұқ қоймай шайнап тастапты», - дегенде, Қайса, шабына от түскендей орнынан ыршып тұрды. «О, әкенді... он екі таспадан өрген өмілдірікті де шайнап тастап па, әй мынаның қорлығын-ай», - деп пештің түбінде отырған тарғыл мысықты желкесінен алып жерге бірақ ұрды. Қанша айтқанмен «жаурынына пайғамбардың қолы тиген жануар» - емес, пе, жерге былш етіп қатты ұрылмай, төрт аяғын тірей түсті. Бұл онсызда ашуға булығып тұрған Қайсаның жынына тиді білем, шап беріп мысықтың артқы сиырағынан ұстай алды да, сүйретіп далаға шықты. Тарғыл мысық бір пәленің болатынын сезгендей жан ұшыра мияулап, Қайсаға жалынғандай кейіп танытты. Бірақ оған Қайса қараған жоқ, есік алдына алып шықты да, артқы сиырағынан ұстаған беті үйдің бұрышында жатқан жалпақ тасқа тағы бір періп кетті. Мысық бұл жолы да аяғымен қорғанып, ұлы денесін тасқа тигізбей кетті.

Дәрет алып отырған Қарашаш апа мұны көріп, ойбайлап тұра жүгіріп еді, үлгермей қалды. Ол келгенше қанды қарайып, жүзі өрт сөндіргендей түтіліп кеткен Қайса тарғыл мысықты табанға салды да, қарнынан аяғымен басып тұрып, алдыңғы екі аяғын жұлып-жұлып алып, екі жаққа лақтырып жіберді. Қол етімен қатар қабырға терісі де жалбырап қалған бейшара мысық тыржындап аз жатты да, «М-и-я-у...» деп барып жан үзді. Алқынып жеткен Қарашаш апа «астағфиралла, астағфиралла» деп алақтап барып, көзі ақшып талып қалды...

Осы уақиғадан кейін Қарашаш апа ұзақ ауырып жазылды. Оны емдетуге Қайса да біраз шығындалды. Дегенмен, көктем шыға

Көктеректің көңілді күндері басталды. Қарашаш апаның жүрегің ауыртықтар тарғыл мысықтың да уақиғасы біртіндеп ұмытылды.

Күн артынан күн өтті. Жас өсті, жарлы байыды. Қайсаның жалғыз ұлы Жанат та ержетіп, келіншек алды. Қайса бар жиған тергенін шашып, ат шаптырып той жасап, келін түсірді. Күләй келін түсіріп, қолы ұзарғанына қуанса, Қайса немере сүюге асықты. Келіні Жібек те текті ауылдың қызы, ибалы, әдепті, он саусағынан өнер тамған ісмер. Келін боп түсіп, төсекпен көтерді. Өне-міне дегенше тоғыз ай толып, толғақ та басталды. Жаздың күні, Қайсаның үйі Төпең де киіз үймен отырған. Бұл ауылда дәрігер атымен жоқ, 100 шақырым жердегі ауданға қатты ауырғандар болмаса, көп ешкім бара бермейді.

«Келіндер ауданға барып босансын» деп ауыл басшылары талай айтты, бірақ «ой, ауданың құрысын, ер дәрігерлер босандырады дейді, баланды ауыстырып жібереді дейді» деген секілді пәле-қазаны қаптапты біреуі бармай қойды. Біреу толғатса, Қарашаш апа мен Қадидша кемпірді шақырады. Осы Көктеректегі «Би Бәтима піріне» сыйынған талай әйелді осы екі кісі қазақы жолмен аман-есен босандырып алатын. Дегенмен, немере келіні толғатқанда Қарашаш апаның дегбірі кетті. Көршінің балаларын жұмсап, Қадидша кемпірді шақыртты. Ол келгенше Қарашаш апа алты қанат ақбоз үйдің ортасына қос қабат арқан керіп, қажетті дайындықты жасап үлгерді. Өлден уақытта қасына көрші келіншектерді ертіп, Қадидша кемпір де жетті.

- Ал Қадидша, қолың жепіл еді ғой, немере келінді сен босандыр, толғақтың ашы болатын түрі бар, байқаймын бала кіндігіне оралып қалған сияқты, көрші әйелдерді шақырып сырмаққа саласындар ма, қайтесіңдер - деді, бала теріс келсе, кіндігіне оралып қалса, қазақтың сырмаққа салып «оң-теріс» жасап жіберетін әдетін меңзеп.

- Жалғыз сенің келініңді босандырып тұрмағам жоқ қой, осы ауылда сен екеуміз босандырмаған, кіндігін кеспеген кім бар? Алаңдама, Алла сәтін салса, келін аман-есен босанады. Сен онан да бізге қарамай жарыс қазаныңды көтер, - деді Қадидша кемпір келте қайырып. Қарашаш апа ұнның ішіне салып сақтап жүрген бір жілігін көтеріп сыртқа

## Мен - топырақ, Сен - құдай

Мен - топырақ, Сен - Құдай,  
Құдіретіңе жоқ шүбәм!  
Бақ іздеген жан емесің бақсыдан,  
Мен сұрамай тұра алмаймын қол жайып,  
Сен сұратпай бере аласың жақсы ұғам.

Мен - топырақ, Сен - Құдай,  
Атыңда: «Ақындырды азын» деп,  
Налды ішім, жүрегіме наз, мұң көп.  
Бұл аятқа бас ұрмаған ақын жоқ,  
Ашылмаған мазмұн көп.

Мен - топырақ, Сен - Құдай,  
Тәңіріме - тілегім:  
Сен жараттың ақындардың жүрегің,  
Сыбырлаған нәпсіңде естісең  
Тауып берші, көңілімің бір емісн...

Мен - топырақ, Сен - Құдай,  
Тағдырыма бар уайым.  
Ұайымымды ақылға сап барлайын,  
Мұңнан ада, қуанышқа жерік қыл,  
Құзырыңда ақындардың жағдайын.

Мен - топырақ, Сен - құдай  
Өлшемеймін өмірімнің өтерін,  
Ұқпай келем ненің жақсы, не екенін.  
Пешенеме жазып қойсан не етеді  
Қалай өмір сүру керек екенін?

Мен - топырақ, Сен - құдай  
Өріден-ақ адаусы рас пенде,  
Қиялыңда қаралы бұлт көшкенде,  
Үлбіреген нәзік үміт өшкенде,  
Баяндады базынасын риясыз  
Сен жаратқан жұдыр жүрек, тас кеуде!  
Сен жаратқан жұдыр жүрек, тас кеуде!

Әли АСҚАР



беттеді. Бірақ екі құлағы іште. Қанша күтсе де, келіннің шыққан дауысынан басқа, ештеңе естілмейді. Дегбірі кеткен Қарашаш апа келсапты алып, үйді айналып түйгіштей бастады. Баяғыда Құсаның келіні бір күн, бір түн толғатқанда үй іргесінен үйірілі жылқы айдап, үйді айнала дәл осылай түйгіштеп жүріп аман-есен босандырып алған. Қазақтың осы ырымы сен болды ма, жоқ әлде уақыты тура келді ме, Қарашаш апа келсаппен жерді түйгіштеп, алты қанат үйді жеті айналғанда іштен іңғалаған сәбидің үні естілді. «А, құдай ақсарбас» деп Қарашаш апа арқасынан ауыр жүк түскендей босағаға сылық етіп отыра жүріп шығып сүйінші сұрайтын шығар», - деп ойлап еді, үйдегілер бөгеле берді. Жүрегі шым етті. «Екіқабат әйелдің бір аяғы көрде,

бір аяғы төрде деуші еді, келін аман ба екен?», - деген ой сап ете түсті. Іне шала Күләйді әлде неден шошынғандай шықшына жылған дауысы шықты. Қарашаш апа жан дәрменімен есікке ұмтылды. Жібек оң жақта сулық жатыр, ал Күләй қара жерді төлешіп үй ішінде дөңгеленіп жүр. Жайшылықта тізесінен баса алмайтын Қарашаш апа екі-ақ аттап Қадидшаның қасына жетті. Әйелдер кері шегінді, Қадидша «бұл қалай болғаны?» - дегендей Қарашаштың бетіне қарап, шақалақты қос алақанына салып оған қарай таятты. Сұмдық, баланың екі қолы жоқ, тақыр қолтығынан біреу жұлып алып тастағандай, денесінің жоғарғы жағы домаланып жатыр, шүметайы шошайып, екі аяғы ербең-ербең етеді...

ҚҮСЕМХАНҰЛЫ





Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат» драмалық қойылымы көңіл төбентерді. Оның үстіне жақында оны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері көрерменге ерекше етіп ұсынды. Қайта жайқалған «Жауқазын» студенттер театрының төрайымы Ақниет Маулен сұхбатымызда тарқаттық.

– Театрды таңдауға не түрткі болды?

– Театр қоғамды адамгершілік пен рухани құндылыққа бастайтын бірден бір жол екені сөзсіз. Әлеби шығарманы сахналық қозғалыспен, яғни өзіне ғана тән театрлық бояумен жаңа күйге енгізіп, ондағы өзара қарым-қатынасты тірілтеді. Әрбір іс-қимыл, ашу-ыза, сезім дірілі, шаттық-күлкі, қуаныш пен қайғы тикелей көрерменге әсер етіп, түрлі күйге түсіреді. Ол көрерменнің өмірге, қоғамның тыныс-тіршілігіне деген өзгеше көзқарасын қалыптастырады. Мен де осы орайда жас буынның театрға деген қызығушылығын оятқым келді.

– Театр – әдемі өлем. Ерекше өнерге жастардың қызығушылығы қандай?

– Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрына жиі барып, рухани шабыт алып қайтамыз. Сол кезде байқағанымыз, бүгінде театрға келетін жастар қарасы қалың. Кешегі өзіміздің қойылымыда да зал пық толды. Біздің аудитория – жастар. Жалпы, театр 3-4 жыл бұрын құрылған. Бірақ бірнеше себепке байланысты өз жұмысын тоқтатқан. Мен театрға төрайым болып 2022 жылы келдім. Бүгінде жұмыс істеп жатқаныма 1 жарым жыл болды. Ең әуелі қызығушылығы бар студенттерді жинаудан бастадым. Кастинг жүргізіп, жас айырмашылығына

шектеу қоймадым. Қызығып мектеп оқушылары да келіп кастингтен өтті. Бүгінде жақсы нәтиже көрсетуде. Әр студенттің өзіндік стилі, әртістік қабілеті қалыптасып келеді.

– «Қош махаббатқа» көрермен шапалақ аямады. Қойылым ойдан шықты ма?

– Қойылым барысында жаңаша өзгерту кірістірілді. Спектакль әуен бимен үйлесіп сахнаның сәнін ашты. Қойылымды толық өз мойныма алып, режиссерлікті қатар алып жүрдім. Дайындыққа 2 ай кетті.

– Басты рөлді ойнаған кімдер?

– Әр студент ерекше ынтамен қатысып, өзіне берілген рөлді алып шықты. Актёрға бір рөлді сомдап шығудың өзі қаншалықты қиынға соғатынын білеміз. Сахнада тұрған адамды көрерменнің эмоциясы (мысы) басып тұрады. Бірақ сол көрерменнің қошеметі, құрмет көрсетуінің арқасында шабыттанып, рухтана түседі. Театрдағы жас әртістердің барлығыда тәжірибелі. Өлі де атқарар істі, өзін көрсетер уақыты алда. Басты рөлді Банудың рөлін өзім орындап шықтым, Айбардың рөлін Нұрсұлтан, Бағдаттың рөлін Батыржан, Асанның рөлін Ерген есімді студенттер ойнап шықты.

– Алдағы уақытқа жоспарларыңыз қандай?

– Жастарға арналған қойылымдар қоюды көздеп отырмыз. Студенттерден құралған театр болғандықтан қолымыздан келгенше жастардың түсінігінде әлемді көрсеткіміз келеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен: Мәлдір САБЫРЖАН

«ЖАУҚАЗЫН» ҚАЙТА ЖАЙҚАЛДЫ



Бала жанының бағбанына айналған ұстаздар да осыны ескеріп, талантты шәкірттің талабын байқап, шындауда шеберлік танытуға тырысады. Білімді жас көз келген олимпиадада өзін білгілілігің, қабілетін көрсете алға жылжуда тұралап қалмайтыны сөзсіз. Жарыста жығылмаған, сайыста сүрінбеген саналы оқушы түрлі кезеңнен мүдірмей өтсе зор мүмкіндікке ие болады. Тіптіңше бұл болашағын жарқын етіп, мектеп мерейін де үстем ететіні анық.

Аймағымызда жаңашылдыққа жаны құмар, оқуға құштар білімпаз көп. Тіпті олар шетелге жолдама алып, ел намысын қолдан бермеуге тыраштанып келеді. Венгрияда өткізіліп ІОІ 2023 халықаралық олимпиадасында Қазақстан құрамасының атынан қызылордалық оқушы Мансур информатика пәні бойынша бақ сынаптын болады. Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін олимпиада 28 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында өтеді. Оған бүкіл дүние жүзінен мыңға жуық бала қатысады деп жоспарлануда. Кіл мықты мен шын үздік бас қосатын білім додасына айналған халықаралық олимпиада ең биік шың. Тәжірибесі жинақтап, білім алудан бейнебеген жас қана жеңіс туғырынан көрінеді. Сондықтан олимпиада көп іздену мен терең білімді қажет етеді. Осы ретте білгенін білісіп, үйретуден жалықпайтын ұстаздың еңбегі зор. Қанша дегенмен жетекшілік етудің жүгі ауыр екені бәсеңнен белгілі.

– Жалпы олимпиаданың маңызын, баланың болашағына оң әсер ететінін оқушымен жеке сөйлесіп, түсіндіріп келміз. Соның нәтижесінде оқушының қызығушылығы артып, қатысуға ынта білдіреді. Ал ер қарай халықаралық деңгейге жету үшін білімді шыңдап, дайындықпен қана қоя бермеу қажет. Біз барлық оқушыдан логикалық сұрақтан тұратын емтихан алғанбыз, сол уақытта ынтасын байқайды. Ол тың ақпараттарды, жаңа нәрсені тез қабылдап алады. Мансур – озыт оқушы. Ол білім байқауларында бірнеше медальға қол жеткізіп, облыста ең жас олимпиада қатысушысы және олимпиада жеңімпазы болды. Енді тамыз айына дейін дайындықты тоқтатпай, ізденісті үзбейміз. Қазіргі кезде дайындық жақсы, аса қатты қобалжу жоқ, бағы жапылп, бабы шапса жүлдеге ие боламыз, – деді информатика пәнінің мұғалімі Батыр Жарқын.

– Әр пәнінің өз қиындығы барын ескере отырып, информатика да оңай емес. Шешім табуға қоймайтын есепті шешіскедей шағып, оңай шағылмайтын жаңағыт жік-жікке бөлу тек жүйрік адамның қолынан келеді. Оның үстіне баланың пәнге қызығушылығы мен бейімділігі болмаса бәрі бекер. Осы ретте Мансурмен де тілдесіп, ойын білдік.

– Информатика пәніне қызығушылығым жоғары. Олимпиада



**Біліммен қаруланған адамның еңбегі жемісті, ісі өнімді, шығар шыңы биік болмақ. Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда білімнің салмағы басым болу керек. Сондықтан ақылға азық берудің айыбы жоқ. Санасына сауаттылық сіңірген жанның айы онынан туып, кедергісіз кемел келесіңкір кіршіпін қалай алады. Білім алуда зерікпей, зейін қойып зорек атанғысы келетін жастар жетерлік.**

кезінде бәсеке мықты талап қатаң болады. Қарсыласыңды шаң қатырып, оқ бойы озық болу үшін тырысып бағасың. Негізгі әрбір олимпиададағы ұтыстың астарында үлкен ұмтылыс пен табандылық жатыр. Тынбай есеп шығару, жеткішпен кері байланыста болу, мұның бәрі жеңіске жетелейді. Маған бағыт беруде Батыр және Айдоз ұстаздың көрсеткен көмегі мен қолдауы зор. Әрине информатика сүйікті пәніме айналды десем де болады. Келешекте мамандығымның осы пәнімен байланысты болатынына күмәнім жоқ, – деді С.Шұқманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің 8-ші сынып оқушысы Мансур Мамадаханов.

Әлбетте жеңіс оңай жолмен келмейді. Жалғұлтұяқ мойны жар бергенін жетістікке жетуі тіпті қиын. Марапат мінберен көрініп, жеңіс туғырынан түспеу үшін тіпті түнімен көз ілмей дайындықты жалғастыруға тура келеді. Сондықтан бақ пен бап қатар шауып, білім байгесінде алға озу еңбектің ақталғанын білдірсе, тәтті жеңістің татымында тәгілгер төрдің үлесі жатыр. Жас болса да жасмыай, жанына жасқаншақтық пен жасқықтық жыттаған Мансур сенімнің үдесінен абыроймен арқалап, жүлдемен ораспа үйлеген ұміттің ақталғаны.

Замира ДАСТАҢҚЫЗЫ

**ТОҚТЫ**  
Сәуірдің соңғы аптасын эмоцияға берілмей, ұсақ-түйек жайсыздықтарға мән бермей, салқынқандай қалыпта өткізуге тырысыңыз. Қаржылай үстемсіздікке ие болуға үлкен мүмкіндік туады. Бұл апта пайдалы іскерлік қарым-қатынас пен таныстық орнатуға сәтті болмақ.

**ТОРПАҚ**  
Үнемдеуді үйреніңіз, алдағы аптада жоспарланбаған шығын қомарты қаржыны қажет етеді. Тұрмыстық мәселелерді мүмкіндігінше өткізбей, сол күні шешіп тастауға тырысыңыз.

**ЕГІЗ**  
Бойыңызда энергия мен алға ұмтылдыратын күш жеткілікті, олардың көмегімен сәуірдің соңғы күндерін жақсы өткізесіз. Аптадағы рөлдің – қаржы жағынан жолы болғыш жан. Аптаның екінші жартысы мәдени шараларға қатысу үшін аса қолайлы.

**ШАЯН**  
Жұлдызшылар бойды босансытуға, көңіл көтеруге, тынығуға кеңес береді. Жоспарланған істеріңіз сәтті өтеді.

**АРЫСТАН**  
Сәуірдің соңғы күндерінде Арыстандарға мүмкіндіктерін көрсету, өзін дәлелдеу үшін көп тер төгуге тура келеді. Бұл күні салымдарыңыз табысты, ісіңіз жемісті, серіктестерің сенімді болады. Жеке өміріңізде өзгеріс не жаңа таныстықтар орын алуы мүмкін.

**БИКЕШ**  
Араластың ортаңызға мұқият болыңыз және сіз үшін өзгеріп шешім қабылдауына жол бермені. Аптада қаржылық жағдайыңыз бұрынғыдан да жақсара түседі. Демалыс күндерін сәтті өткізіңіз келсе, жолға шығыңыз, бақша жұмыстарына арнаңыз немесе достармен басқосу ұйымдастырыңыз.

**ТАРАЗЫ**  
Отіңіш мен сұрауы таусылмайтын таныстардан алшақтап, өз мақсатыңызға қарай қадам басңыз. Аптаны шығармашылық жұмысқа арнауыңыз мүмкін, ең өнімді іс атқаратын күніңіз болмақ.


**САРЫШАН**  
Сәуірдің бұл күндері сіздер үшін сый мен марапатқа толы болғалы тұр, әсіресе мақсатқа ұмтылып еңбек етсеңіз, табандылық танытсаңыз. Ол үшін тынбай еңбектеніп, тер төгуге тура келеді. Танымал және ықпалды тұлғалармен пайдалы байланыс орнату мүмкіндігі жоғары.

**МЕРГЕН**  
Сізді алда оқиғаларға толы қызықты күндер күтіп тұр. Алайда, жұлдыздардың бір шарты бар: күмен туғызатын тұлғалардан, қаржылық айла-амалдардан аулақ болыңыз. Бұл аптада кей өріпестермен араныңды бұрынғыдан да жаында ата аласыз, дегенмен, қызметтік әдеп шегінен шықпаңыз.

**ТАУЕШКІ**  
Өміріңізде жағымды өзгерістер орын алады. Есте қаларлықтай қызықты оқиғалар легі де көбірек. Дегенмен, сән-салтанат пен жайлылыққа деген ұмтылысты тежеу керек.

**СҰҚҒЫШ**  
Ұжымдық шаруаларға белсене атсалысыңыз, тиісті адамдар сіздің ұмтылысыңызды міндетті түрде байқайды. Белсенділігіңіз бен энергетикаңыз басылылықтың да, іскерлік серіктестердің де көңілінен шығады. Қаржылық жағдайыңыз беки түседі.

**БАЛЫҚТАР**  
Бұл күндері көңіліңіздің қалауын жасаңыз, қай істі қолға алсаңыз да сәтті аяқталады. Апта сіз үшін қызықты да мазмұнды болмақ. Ал жұмыс күндерін қызметке, іскерлік серіктестермен байланыс орнатуға жұмсаған дұрыс.



Көзкешіл редактор: М.КЕЖІКЕРГІЛОВА

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

<b>БАС ДИРЕКТОР</b> Аманжол ОҢАРАБАЕВ	Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8 7242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	<b>Таралымы: 6931</b> <b>Тансырыс: 666</b>
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
<b>БАС РЕДАКТОР</b> Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ		